



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан  
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 23 (8051) 5 маусым, Жұма 2026 жыл

aktogai\_red@mail.ru



4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай Ақтоғай ауылындағы

авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Ал Мемлекеттік Әнұранның музыкасын Шәміі Қалдаяқов жазса, сөзін Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен қабылданған.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын


тоқталып, тәуелсіздіктің қадірін бағалауға үндеді. Шара барысында аудан өнерпаздары патриоттық әндер орындап, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Атап айтқанда, Арманның орындауындағы «Көк тудың желбірегені», Рымхан Мөлдiрдiң «Елiм-ай», Назымның «Жаса, Қазағым!» әндері көрермендердің ыстық

\* Президент тапсырмасын орындай отырып ...

## Ақтоғай ауылында жаңа ойын алаңы ашылды

Ақтоғай ауылындағы Сана би көшесінде орналасқан балалар ойын алаңына абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың игілігіне пайдалануға берілді.

Ойын алаңының ашылу салтанатына ауыл тұрғындары, балалар және қонақтар қатысты. Іс-шара барысында Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Базылұлы құттықтау сөз сөйлеп, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған мұндай жобалардың маңыздылығына тоқталды.



Сондай-ақ ауыл ақсақалы Нөкербеков Қабдолла ата ақ батысын беріп, атқарылған игі іске ризашылығын білдірді.

Мерекелік шара аясында «Ақтоғай спорт клубы» мекемесінің ұйымдастыруымен балалар арасында көңілді эстафеталық ойындар өткізіліп, бүлдіршіндер көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Ал Ақтоғай мәдени-демалыс орталығының өнерпаздары ән-жырдан шашу шашып, мерекелік бағдарламаны әсерлі өткізді. Ауыл аналары дәстүрлі шашу шашып, қуанышқа ортақтасты.

Аталған абаттандыру жұмыстарының мердігері – «AMANAT KRG» мүгедектер қоғамдық бірлестігі. Ұйымның жүргізген жұмыстары нәтижесінде ойын алаңы заманауи талаптарға сай жаңартылып, балалардың қауіпсіз әрі жайлы демалуына мүмкіндік жасалды.

Жаңа нысанның пайдалануға берілуі – ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш. Бұл игі бастама өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және ауылдың көркеюіне өз үлесін қоспақ.

Айбын Русланұлы,  
Ақтоғай ауылы.

## РӘМІЗДЕРІМ – мақтанышым!

Рәміздер монументі алаңында «Рәміздерім – мақтанышым!» атты салтанатты жиын өтті.

Мерекелік шараға аудан тұрғындары, ардагерлер, жастар, мемлекеттік қызметкерлер мен мекеме ұжымдары қатысты,

орындаумен басталды. Әнұранды бір кісідей орындаған қатысушылардың жүрегінде елге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі айқын көрінді.

Мерекелік жиында Ақтоғай ауданының әкімінің орынбасары А.Қуанышбаев

ықыласына бөленді. Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың өткені мен бүгінгі, жарқын болашағының көрінісі. Оларды құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Осындай тағалымды іс-шаралар өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік



елдігіміздің айшықты белгілеріне құрмет көрсетті. Іс-шара барысында жүргізушілер Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранның тәуелсіздігіміздің қасиетті нышандары екенін атап өтіп, олардың авторлары туралы мағлұмат берді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының авторы – Шәкен Ниязбеков, Мемлекеттік Елтаңбаның

құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік рәміздердің ел бірлігі мен тәуелсіздігінің басты белгісі екенін атап өтті. Сондай-ақ жастарды Отанға адал қызмет етуге, ел құндылықтарын құрметтеуге шақырды.

Құттықтау сөз кезегі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Сыздықовқа беріліп, ол ел тарихындағы рәміздердің маңызына

қасиеттерді қалыптастырып, елге деген мақтаныш сезімін нығайта түседі.

Көк байрағымыз көкте мәңгі желбіреп, Елтаңбамыз елдігіміздің айғағы болып, Әнұранымыз әрдайым асқақтай берсін! Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры биік, мәртебесі асқақ болғай!

Құлмұхаммет  
Серікғалыұлы,  
Ақтоғай ауылы.



## AQTOĞAI AJARY

2026 жылдың жарты жылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.  
Тел: 8-708-547-43-03  
Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін  
индексі – 65031,  
6 айға – 3542,22 теңге

Мекеме, ұжымдар үшін  
индексі – 15031,  
6 айға – 3542,22 теңге

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.  
Анықтама телефондары:  
2-18-81, 2-15-39.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

# Халықпен кездесу – ел дамуының кепілі

Бүгін Ақтоғай ауылында аудан әкімі Абылай Аманжоловтың 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша тұрғындармен есептік кездесуі өтті. Ашық форматта өткен жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері ба-

суде аудан әкімі бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарлар жөнінде баяндады. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан инфрақұрылым, абаттандыру, жол жөндеу, коммуналдық қызметтер, әлеуметтік мәселелер және ауылдың

байланысты аудан әкімі атқарылып жатқан жұмыстарға арнайы тоқталып өтті. Оның айтуынша, электр желілерін жаңғырту мен қуат көздерін тұрақтандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл мәселе аудан басшылығының тұрақты бақылауында тұр және кезең-кезеңімен шешімін табатын болады.

Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған барлық сұрақтарға жан-жақты жауап беріліп, кейбір мәселелер

жұмыстарды бірлесе атқаруымыз қажет. Тұрғындардың ұсынысы мен қолдауы біз үшін өте маңызды. Баршамыздың ортақ мақсатымыз – ауылымыздың гүлденуі мен тұрғындардың тұрмыс сапасының жақсаруы, – деді аудан басшысы.

Кездесу соңында аудан әкімі тұрғындарға белсенділік танытып, ашық пікір білдіргендері үшін алғысын жеткізіп, алдағы уақытта да ел игілігі жолындағы жұмыстар жалғаса беретінін айтты. Сондай-ақ барлық мекеме мен



яңдалып, тұрғындарды толғандырған мәселелер мен ұсыныстар кеңінен талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында аудан басшысы жыл басынан бері ауданға қарасты барлық кенттер мен ауылдық округтерде болып, халықпен кездесулер өткізді. Бұл кездесулердің басты мақсаты – тұрғындардың пікірін тыңдап, елді мекендердегі өзекті мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын қарастыру.

Ақтоғай ауылындағы қорытынды кезде-

болашағына қатысты бірқатар сауалдар қойылды. Әрбір көтерілген мәселе назарға алынып, тиісті бөлім басшылары тарапынан нақты жауаптар берілді.

Жиынға аудандық бөлімдердің, мекемелердің және ұйымдардың басшылары қатысып, өз салалары бойынша тұрғындардың сұрақтарына түсініктеме берді. Бұл тұрғындар мен билік арасындағы ашық диалогтың тиімді алаңына айналды.

Бүгінгі таңда аудан тұрғындарын толғандырып отырған ең өзекті мәселелердің бірі – электр энергиясының тұрақты әрі сапалы жеткізілуі. Осыған



бойынша нақты тапсырмалар жүктелді. Сонымен қатар алдағы уақытта да халықпен кері байланыс үзілмейтіндігі айтылды.

Өз сөзінде аудан әкімі ел дамуы мен ауылдың көркеюі әрбір тұрғынның белсенділігі мен бірлігіне байланысты екенін атап өтті.

– «Халық жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді дана халқымыз. Сондықтан ауданымызды дамыту жолындағы

ұйым басшыларының басын қосқан қорытынды жиын ауданның алдағы даму бағыттарын айқындап, ортақ міндеттерді нақтылауға мүмкіндік берді.

Ақтоғайдың өркендеуі – баршамыздың ортақ мақсатымыз. Бірлік пен ынтымақтың арқасында ауданымыздың әлеуеті артып, ауылдарымыз көркей беретініне сенім мол.

Г.Елеусізова,  
Ақтоғай ауылы.



## «Таза аула» – тазалық пен ұқыптылықтың үлгісі

«Тазалық – әр адамның ішкі мәдениетінің көрінісі. Таза қоршаған ортада өмір сүру – ең алдымен өзімізге байланысты». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде бастау алған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы бастамасының басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау ғана емес, азаматтардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру екенін бірнеше рет атап өтті. Президенттің айтуынша, туған жердің тазалығы мен көркеюі әрбір азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс.

Осы мақсатта Ақтоғай ауылында «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында «Таза аула» байқауы ұйымдастырылды. Байқауды Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты өткізіп, ауыл тұрғындарын, мекемелер мен кәсіпкерлік нысандарды тазалыққа, аумақтарды көркейтуге және көгалдандыруға жұмылдыруды көздеді. Байқау ағымдағы жылдың 5 мамыры мен 31 мамыры аралығында өткізіліп, бірнеше номинация бойынша үздіктер анықталды. Атап айтқанда, «Үлгілі көше», «Үлгілі ғимарат», «Үлгілі аула», «Үлгілі көпөтерлі тұрғын үй» және «Үлгілі кәсіпкерлік нысан» номинациялары бойынша қатысушылар бақ сынады. Байқау комиссиясы ауыл тұрғындары мен мекемелерден келіп түскен өтінімдерді қарап, ұсынылған фотоматериалдар мен құжаттарды саралады.

Бағалау барысында аулалардың тазалығы, көгалдандырылуы, қоршауларының күтімі, үй қасбеттерінің жағдайы, көшелердің абаттандырылуы, қоғамдық орындардың санитарлық жағдайы мен эстетикалық келбеті назарға алынды. «Үлгілі аула» номинациясы бойынша өз үйлерінің аумағын ұқыпты ұстап, көгалдандыру мен көркейту

жұмыстарына ерекше көңіл бөлген бірқатар отбасылар үздік деп танылды. Атап айтқанда: Сыздықов Сәкітай атаның, Мұсаханов Қанаттың, Түсіпханов Кенжеханнның, Қалияқасов Саяттың, Нүкешов Дәулеттің, Алшынбеков Дәулеттің, Дуанбеков Сат-



тарбек ағаларымыздың отбасылары тазалығымен, көркемділігімен ерекшеленді. Аталған отбасылар өз аулаларын таза ұстап қана қоймай, ауылдың көркеюіне үлес қосып, өзгелерге үлгі көрсете білді. Әр үйдің айналасындағы гүлзарлар, жасыл желектер, ретке келтірілген қоршаулар мен таза аумақтар ауыл келбетінің жақсаруына оң әсер етуде.

Ал, «Үлгілі ғимарат» номинациясының жеңімпазы болып Ақтоғай аудандық мұражайының ұжымы танылды. Мұражай ғимаратының сыртқы келбеті, аумағының тазалығы, абаттандырылуы мен көгалдандырылуы, келушілерге қолайлы жағдай жасауы комиссия тарапынан жоғары бағаланды. Ал,

кәсіпкерлік саласында тазалық пен мәдениеттің үлгісін көрсеткен кәсіпкерлер де назардан тыс қалған жоқ. «Үлгілі кәсіпкерлік нысаны» номинациясымен Құлатаева Жансаяның «Шаштараз» кәсіпкерлік нысаны және Аман Заринаның «24 дүкені» марапатталды. Бұл нысандардың иелері өз кәсіптерін жүргізумен қатар, ғимараттарының айналасын таза ұстап, келушілер үшін қолайлы әрі көрікті орта қалыптастырып келеді. Бүгінде «Таза Қазақстан» бастамасы бүкіл ел бойынша кең қолдау тауып отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатты қорғау мен тазалық мәдениетін қалыптастыруды мемлекеттік маңызы бар міндеттердің бірі ретінде атап көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы қоршаған ортаны қорғау тек мемлекеттік органдарды емес, барша қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін ерекше атап өткен болатын. Ақтоғай ауылында өткен «Таза аула» байқауы осы бастаманың нақты көрінісіне айналды.

Байқауға қатысушылар өздерінің азаматтық белсенділігін танытып, туған ауылдың көркеюіне үлес қосты. Мұндай игі шаралар тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттырып қана қоймай, ауылдың сәулеттік келбетін жақсартып, өскелең ұрпаққа тазалық пен ұқыптылықтың үлгісін көрсетеді. Тазалық – бір күндік науқан емес, ол әр адамның өмірлік ұстанымы болуы тиіс. Сондықтан Ақтоғай ауылында бастау алған бұл игі іс алдағы уақытта да жалғасын тауып, ауыл тұрғындарының бірлігі мен жанашырлығының жарқын үлгісі бола береді.

Айбын Жаманхан,  
Ақтоғай ауылы.

## Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін, қоғамның құндылықтарын ішінен ірітетін ең қауіпті кеселдің бірі. Бүгінгі таңда еліміздің басты мақсаты – ашық, әділ және құқықтық қоғам құру.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің, тіпті әрбір азаматтың қасиетті парызы.

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны, ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе.

Жемқорлық пен парақорлыққа пәрменді түрде тойтарыс берілмесе, гүлденген, өркениетті мемлекетті елестету мүмкін емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сыбайлас жемқорлық – өте күрделі құбылыс. Былай айтқанда дерт деп те айтуға болады. Мысқалдап кіретін, батпандап шығатын кесел. Сондықтан бұл дертпен бәріміз қоғам болып күресуіміз керек», - деген болатын. Яғни қоғамға қауіпті жат құбылыстың алдын алып, жолын кесу – баршамызға ортақ маңызды міндеттің бірі.

Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген болатын. Бұл орайда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын насихаттаудың, аталмыш келеңсіздікпен қоғам болып күресудің маңызы зор.

Жылдың басынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүзден астам іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, ауыл, кент мен ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйым қызметкерлері, жастар мен халық арасында семинарлар, кездесулер, түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылып, бірнеше тікелей эфирлер өтті.

Халыққа және бизнес құрылымдарына

500-ден астам буклет таратылып, ауданның елді мекендерінде баннерлер орнатылды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатып, өзекті мәселелерді нәтижелі шешудің маңызы зор. Осы орайда, «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» тұжырымдамасы аясында ауданымызда жергілікті тұрғындармен мәселені бірлесе шешу, кері байланыс орнату мақсатында, тоқсан сайын ауыл, кент, ауылдық округ тұрғындармен есепті кездесулер тұрақты түрде өткізіледі. Бұдан бөлек аптаның сейсенбі күндері аудан әкімінің азаматтарды жеке қабылдауы жүргізіледі. Осы шаралардың бәрі тұрғындармен қоян-қолтық жұмыс жасап, мәселелерді түбегейлі шешуге, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға өз септігін тигізуде.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту мақсатында ауданның әдеп жөніндегі уәкілі ай сайын мемлекеттік қызметшілер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді.

Болашақта өскелең ұрпақ жемқорлыққа қарсы тұру үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт. Жаны, ары таза, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта алуымыз қажет. Бар назарымызды ұрпақ тәрбиесіне шоғырландыра алсақ, жарқын болашаққа сенімді әрі нық қадам бастарымыз анық.

Біз бірлескенде ғана жемқорлықтан ада, әділ әрі гүлденген қоғам құра аламыз. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» ұраны әрқайсымыздың өмірлік ұстанымымызға айналуы тиіс.

Ұрпағымыздың өмірге деген көзқарасын өзгертіп, болашақтарын жемқорлықсыз жарқын ету өз қолымызда!

А.Аманжолов,

Ақтоғай ауданының әкімі.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін маңызды мәселелердің бірі. Ол халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетіп, әділдік қағидаттарының бұзылуына әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып саналады.

Мемлекет Басшысының 2025 жылғы 30 маусымдағы №927 Жарлығына сәйкес, еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты үйлестіру міндеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенттігіне жүктелген.

Бүгінде Агенттік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда заң үстемдігін нығайту және адалдық қағидаттарын ілгерілету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бұл бастамалар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, азаматтардың құқықтық санасын арттыруға және мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін күшейтуге бағытталған.

## Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – ортақ міндет

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында екі негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Оның бірі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жасау болса, екіншісі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін сыртқы талдау белгілі бір саладағы немесе мекемедегі заңбұзушылыққа себеп болуы мүмкін осал тұстарды анықтауға бағытталған. Талдау нәтижесінде кемшіліктерді жоюға арналған нақты ұсынымдар беріледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мемлекеттік органдардағы қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заңнаманың сақталу деңгейі мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау көрсеткіші сараланады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда түсіндіру және ағарту жұмыстарының маңызы зор. Осы бағытта қоғам белсенділерінен құралған ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер, жастарға және квазимемлекеттік сектор өкілдеріне арналған семинарлар, кездесулер мен акциялар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында олардың қатысуымен 60-тан астам іс-шара өткізілді.

Аталған кездесулер адалдық мәдениетін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтау мен заң талаптарын түсіндіруге бағытталған. Сонымен қатар елімізде мемлекеттік аппаратты жетілдіру бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Президенттің мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлығы аясында шешім қабылдау үдерістерін жеңілдету, артық құжат айналымын қысқарту және цифрлық технологияларды кеңінен енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының мерзімінің аяқталуына байланысты алдағы бес жылға арналған жаңа тұжырымдама жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Осыған орай мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерінің қатысуымен жаңа тұжырымдамаға ұсыныстар енгізу мақсатында бірқатар кездесулер өткізілуде.

Іс-шаралар барысында жаңа тұжырымдама жобасының негізгі басым бағыттары таныстырылып, қатысушылар өз ой-пікірлерімен бөлісіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды ұсыныстарын білдірді. Өз кезегінде, аталған стратегиялық құжатқа қатысты ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз болған жағдайда, оларды Департаментке жолдауларыңызға болады. Бұл жұмыстар мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, ашықтық пен әділдік қағидаттарын нығайтуға, сондай-ақ, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Ф.Касымова,

МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының басшысы.

### \* Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан

## Зорлық-зомбылықсыз отбасы – бақытты елдің негізі

Отбасы – бұл біздің ең жылы, ең қауіпсіз мекеніміз болуы керек. Үй ішінде тыныштық пен мейірім болса, мемлекет те мықты болады. Алайда, қазіргі уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі қоғамымыздың үлкен жарасына айналып отыр. «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» деген сөз – құр ұран емес, бұл әрқайсымыздың тыныш өміріміз бен балаларымыздың жарқын болашағы үшін өте қажет нәрсе.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғамның дерті Біз көбіне «Ошақ қасының сөзі, отбасының ісі» деп, үй ішіндегі ұрыс-керіс пен әлімжеттікті сыртқа шығарғымыз келмейді. «Ұят болады», «жұрт не айтады» деген қорқынышпен қаншама ана мен бала жәбір көріп, үнсіз шыдап келеді. Бірақ шынайы күштілік әлсізге қол көтеру емес, керісінше, оны қорғау екенін ұмытпауымыз керек. Ұрыс-керіс пен қорқыныш ұялаған үйде өскен баланың жүйкесі бұзылады. Ол мейірімділікті емес,

ыза мен кекшілдікті көріп өседі. Кейін ол бала үлкейгенде, өзі де дәл сондай қатыгез ата-анаға айналуы мүмкін. Осылайша, бұл жаман әдет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кете береді. Қазіргі уақытта мемлекет бұл мәселеге қатты көңіл бөліп жатыр. Үй ішінде әйелге немесе балаға қиянат жасағандар үшін жауапкершілік күшейіп, заң қатайтылды. Бұл – өте дұрыс қадам. Бірақ тек заңмен ғана емес, біз өзіміздің де санамызды, ойымызды өзгертуіміз керек. Әйелге, балаға немесе қарт адамға күш көрсету – бұл батырлық емес, әлсіздік пен мәдениетсіздіктің белгісі. Біздің ата-бабамыз ежелден қыз баланы сыйлап, әйел затын төрге шығарған, баланы аялаған. Біз осы ізгі қасиеттерді қайта тірілтуіміз керек.

Қатыгездікті бірге тоқтату үшін не істеу керек?

• Үнсіз қалмаңыз: Егер сіз немесе жақыныңыз қысым көріп жүрсе, оны жасырудың қажеті жоқ. Көмек сұраудан ұялмаңыз. Арнайы 111 немесе 150

сенім телефондары мен дағдарыс орталықтары әрқашан көмектесуге дайын.

• Дұрыс тәрбие беріңіз: Ұл балаға қыз баланы қорғауды, ал қыз балаға өзін сыйлатуды және өз құқығын қорғай білуді кішкентайынан үйретуіміз қажет.

• Немқұрайлы болмаңыз: Көрші үйден шыққан айқай-шуға, баланың жылаған дауысына «менің шаруам емес» деп қарамау – әрбір адамның азаматтық міндеті.

Түйін: Әрбір үйдің түтіні түзу ұшып, әр шаңырақта жылылық орнауы тиіс. «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстанды» құру өз үйімізден, өз мінезімізді түзетуден басталады. Болашағымызды зорлықтан бірге қорғайық!

Э.Тажимаева,

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы полиция майоры.

# Кенттің көркеюі – халық еңбегінің жемісі

\* \* \* \* \*

*Арнаулы беттер Сарышаған кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуы, мәдени өмірі мен еңбек адамдарының жетістіктерін оқырманға таныстыруға арналады.*

## Жергілікті кәсіпкерлік – ауыл дамуының тірегі

Сарышаған кентінде кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы игі бастамалар жалғасын табуда. Жұырда кент тұрғыны Алмас Бекболатұлының бастамасымен автокөлік иелеріне арналған жаңа дүкен ашылып, халық игілігіне берілді. Бұл – тек бір кәсіп нысанының ашылуы ғана емес, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосылған нақты үлес.

Бүгінде мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға ерекше көңіл бөлінуде. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, туған жерінде еңбек етіп, халыққа қажетті қызмет көрсетуді мақсат еткен азаматтардың қатары артып келеді. Соның бір дәлелі – Сарышаған кентінде ашылған автокөлік саймандары мен керек-жарақтарын сататын жаңа дүкен.

Жаңа сауда орнында автокөлікке қажетті түрлі құрал-саймандар, қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтардың кең таңдауы ұсынылған. Бұрын мұндай тауарларды сатып алу үшін тұрғындар аудан орталығына немесе көршілес қалаларға баруға мәжбүр болса, енді қажетті дүниені өз кентінен таба алады. Бұл тұрғындардың уақытын үнемдеп қана қоймай, қаржылық шығындарын да азайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкер Алмас Бекболатұлы халық сұранысын ескере отырып, сапалы өнім мен қолжетімді баға ұсынуды басты мақсат еткенін айтады. Сондай-ақ болашақта дүкендегі тауар түрлерін көбейтіп, қызмет көрсету аясын кеңейту жоспарлануда.



Жалпы, ауыл мен кенттердің дамуы ең алдымен жергілікті тұрғындардың белсенділігіне байланысты. Әрбір ашылған дүкен, шеберхана немесе қызмет көрсету орны елді мекеннің экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етеді. Кәсіпкерлік дамыған жерде бәсекелестік қалыптасып, халыққа көрсетілетін қызметтің сапасы артады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы рөлін үнемі атап келеді. Себебі кәсіпкерлік – жаңа жұмыс орындарын ашатын, халықтың табысын арттыратын және өңірлердің дамуына серпін беретін маңызды сала. Сондықтан ауылдық жерлерде кәсіп бастауға бел буған азаматтарды қолдау – ортақ міндет.

Сарышаған кентінде жаңа дүкеннің ашылуы тұрғындардың тұрмысын жеңілдетумен қатар, елді мекеннің келбетін жақсартуға да үлес қосады. Себебі көркейген ауыл – еңбекқор тұрғындардың, ынталы кәсіпкерлердің және бірлескен еңбектің нәтижесі. Бүгінде кентте жүзеге асып жатқан игі бастамалар мен жаңа жобалар өңірдің болашағына деген сенімді арттыра түсуде.

«Туған жерге туынды тік» деген халық даналығы бар. Өз кәсібін туған өлкесінде дамытып, халыққа қызмет көрсетіп жүрген азаматтар ауылдың өсіп-өркендеуіне зор үлес қосуда. Осындай бастамашыл жандардың арқасында елді мекендеріміз жаңарып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда.

Жаңа дүкеннің жұмысына табыс тілей отырып, кәсіпкер Алмас Бекболатұлының бастамасы көпке үлгі болсын дегіміз келеді. Жергілікті кәсіпкерлік канат жайып, Сарышаған кенті одан әрі көркейіп, тұрғындарының әл-ауқаты арта берсін!

Сарышаған кентінде Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтті

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай Сарышаған кентінде тағлымы мол патриоттық іс-шара ұйымдастырылды. Аталған шараға байланыс және белгі беру дистанциясы мекемесінің қызметкерлері

Шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және азаматтардың ел тағдырына деген жауапкершілігін арттыру. Сонымен қатар, жастар арасында отансүйгіштік рухты нығайтып, ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің маңызын кеңінен түсіндіру болды.

## Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы



қатысып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын салтанатты түрде орындады.

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның айбыны мен айғағы, ел егемендігінің басты нышандары. Көк Ту, Елтаңба және Әнұран – халқымыздың тарихын, мәдениетін, бірлігі мен болашаққа деген сенімін бейнелейтін қасиетті құндылықтар. Сондықтан да рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың Отан алдындағы парызы.

Іс-шара барысында қатысушылар мемлекеттік рәміздердің маңыздылығы туралы айтып, олардың жас ұрпақ бойында патриоттық сезімді қалыптастырудағы рөліне ерекше тоқталды. Әнұранды бірлесе орындау арқылы қызметкерлер елге деген сүйіспеншіліктерін білдіріп, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін дәріптеді.

Бүгінде Қазақстанның мемлекеттік рәміздері әлемдік деңгейде танылып, халықаралық аренада еліміздің мәртебесін асқақтатып келеді. Спортшыларымыздың жеңісі кезінде көк байрағымыздың көтерілуі, Әнұранымыздың шырқалуы әрбір қазақстандықтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатады. Сондықтан рәміздерімізге деген құрмет – елге, жерге және тәуелсіздікке деген құрметтің көрінісі. Сарышаған кентінде өткен бұл шара мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы маңызын тағы бір мәрте айқындап, қатысушылардың бойында елжандылық рухты күшейтті. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар арқылы тәуелсіз еліміздің құндылықтары дәріптеліп, ұрпақ санасына патриотизм мен ұлттық мақтаныш сезімі сіңіріле береді.

## Сарышаған кентін көркейту жұмыстары қарқын алды



Мемлекет басшысының елді мекендердің келбетін жақсарту, тұрғындарға қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру жөніндегі тапсырмалары аясында Сарышаған кентінде бірқатар абаттандыру және жөндеу жұмыстары жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, 2026 жылы тұрғын үйлердің эстетикалық келбетін жақсарту мақсатында аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, кенттегі көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нақтырақ айтқанда, Абай көшесіндегі №40 және №44 тұрғын үйлер мен Таңыбай батыр көшесіндегі №30 тұрғын үйдің сыртқы келбеті жаңартылып, тұрғындарға жайлы әрі көрікті орта қалыптастыру бағытында жұмыстар атқарылды.

Қасбеттерді жөндеу барысында ғимараттардың сыртқы қабырғалары ретке келтіріліп, бояу және әрлеу жұмыстары жүргізілді. Бұл өз кезегінде үйлердің сәулеттік келбетін жақсартып қана қоймай, кенттің жалпы көркін арттыруға мүмкіндік берді.

Бүгінде Сарышаған кентінде инфрақұрылымды дамыту, абаттандыру, санитарлық тазалықты сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Мұндай игі бастамалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып, елді мекеннің заманауи талаптарға сай дамуына оң әсерін тигізуде.

Жергілікті тұрғындар да атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағаларын беріп, туған жердің көркеюіне әр азамат өз үлесін қосуы қажет екенін атап өтуде. Өйткені таза әрі көрікті ауыл – баршамыздың ортақ байлығымыз. Алдағы уақытта да Сарышаған кентінде халық игілігіне бағытталған жұмыстар жалғасын тауып, елді мекеннің ажары арта бермек.

(Арнайы беттің жалғасы 5-бетте).

«Заң мен тәртіп» бағыты аясында Сарышаған кентінде тұрғындар арасында құқықтық сауаттылықты арттыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Осы бағыттағы кезекті профилактикалық

да зиянды әдеттердің таралуына жол бермеуге шақырды. Әсіресе өскелең ұрпақ тәрбиесінде ата-аналардың жауапкершілігі ерекше екендігі айтылып, балаларға үлгі болудың маңыздылығы түсіндірілді.

Тұрғындарға салауатты өмір салтын

## Қауіптің алдын алу - қоғам алдындағы ортақ міндет



іс-шара барысында Сарышаған кенті полиция бөлімінің қызметкері Д.Бейсекеев кент тұрғындарымен кездесу өткізіп, маскүнемдіктің алдын алу мәселелері жөнінде жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында алкогольдік ішімдіктерді шамадан тыс тұтынудың адам денсаулығына, отбасы берекесіне және қоғамдық тәртіпке тигізетін кері әсері кеңінен түсіндірілді. Мамандардың айтуынша, маскүнемдік көптеген әлеуметтік мәселелердің, оның ішінде тұрмыстық жанжалдардың, құқық бұзушылықтардың және қылмыстардың орын алуына себеп болатын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Кездесу барысында тұрғындарға алкогольге тәуелділіктің адам ағ-засына тигізетін зияны, оның еңбек өнімділігіне, психологиялық жағдайына және қоғамдағы қарым-қатынасына әсері жөнінде нақты мәліметтер берілді. Сонымен қатар құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау, заң талаптарын орындау мәселелері де кеңінен қозғалды.

Полиция қызметкері тұрғындарды заң талаптарын сақтауға, қоғамдық тәртіпті бұзбауға және жастар арасын-

ұстанудың артықшылықтары насихатталып, спортпен шұғылдану, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және отбасылық құндылықтарды нығайту мәселелеріне назар аударылды. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған ақпараттық жадынамалар таратылып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берілді.

Осындай профилактикалық кездесулердің басты мақсаты – қоғамдағы құқық бұзушылықтардың алдын алып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтарды заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Себебі тәртіп пен тұрақтылық – әрбір тұрғынның жауапкершілігі мен белсенді азаматтық ұстанымынан басталады.

Сарышаған кентінде өткізілген бұл шара тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және қоғамда салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлесін қосып, тұрғындар тарапынан қолдау тапты. Заң мен тәртіп үстемдік құрған қоғамда ғана тұрақтылық пен даму болатыны анық. Сондықтан мұндай түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

## «Жасыл ел» – жастардың елге деген жанашырлығының жарқын көрінісі



«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Сарышаған кентінде қоршаған ортаны қорғау мен абаттандыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы игі бастамалардың алдыңғы қатарында жүрген «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздары кенттің тазалығы мен көркеюіне өз үлестерін қосып келеді.

Жуырда «Жасыл ел» сарбаздары Абай көшесінде орналасқан сквер аумағында сенбілік ұйымдастырып, тазалық және абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында аумақ қоқыстардан тазартылып, қоғамдық орындардың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылды. Жастар ағаштардың түбін қопсытып, аумақты ретке келтіріп, тұрғындардың демалысына қолайлы жағдай жасауға күш салды.

«Жасыл ел» бағдарламасы – еліміздегі жастарды еңбекке баулып, олардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған маңызды жоба. Бағдарлама аясында жас буын тек маусымдық жұмыспен қамтылып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосады. Бүгінде бұл жоба мыңдаған жастың еңбек тәжірибесін жинақтап, азаматтық жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Сарышаған кентіндегі жастардың белсенділігі тұрғындар тарапынан да қолдау табуда. Себебі қоршаған ортаның тазалығы мен елді мекеннің көркеюі – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Таза көше, күтімді саябақ пен жасыл желек тұрғындардың өмір сапасын арттырып қана қоймай, өскелең ұрпаққа үлгі болады. «Таза Қазақстан» акциясының басты мақсаты – қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялауға шақыру және елді мекендерді көркейту. Осы бағытта «Жасыл ел» сарбаздарының еңбегі ерекше. Олар өз істерімен туған жерге жанашырлықтың, еңбекқорлықтың және жауапкершіліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Табиғатты қорғау – бір күндік науқан емес, ол әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс. Осы орайда Сарышаған кентінің жастары қолға алған игі іс өзгелерге де өнеге болып, кент тұрғындарын тазалық пен тәртіпті сақтауға үндейді.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағының сарбаздары алдағы уақытта да кент аумағында тазалық пен абаттандыру жұмыстарын жалғастырып, туған өлкенің гүлденуіне өз үлестерін қоса бермек. Жастардың осындай белсенділігі мен еңбекқорлығы – ел болашағының жарқын екенінің айқын дәлелі.

Арнайы беттері дайындаған Г.Елеусізова,  
ҚР «Ақпарат саласының үздігі».

\* Акция Акция Акция

## Зорлық-зомбылыққа жол жоқ

Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында 2026 жыл «Қауіпсіз балалық шақтың кепілі жылы» деп жарияланып, республика көлемінде «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан!» атты кең ауқымды акция өткізілуде. Акцияның басты мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамда төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Осы игі бастама аясында Ақтоғай ауданында да маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Ж.Шайдаров атындағы саябақта аудан жастары, аудандық ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының мамандары және аудандық Отбасын қолдау орталығының ұжымы бірлесіп акция өтті. Отбасын қолдау орталығы қоғам назарын отбасыдағы татулық пен өзара сыйластықтың маңыздылығына аударуды мақсат етті. Акция барысында жастардың қатысуымен



«Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан!» ұранымен флешмоб ұйымдастырылып, көпшілікке зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық көмек алу жолдары және дағдарыс жағдайында қайда жүгіну қажеттігі туралы ақпарат берілді.

Саябаққа келген тұрғындарға арнайы дайындалған үнпарақшалар таратылып, отбасылық құндылықтарды нығайту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы тұру мәселелері кеңінен түсіндірілді. Акцияға қатысушылар қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік көзқарасын қалыптастырудың

маңыздылығын атап өтті.

Шара барысында сөз алған мамандар отбасы – қоғамның алтын діңгегі екенін, ал берекелі отбасы елдің тұрақтылығы мен дамуының негізі екенін айтты. Сондықтан әрбір азамат отбасындағы тыныштық пен сыйластықты сақтауға жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, тұрғындардың қызығушылығын тудырды. Жастардың белсенділігі мен қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысы акцияның мазмұнын байытып, оның

тәрбиелік маңызын арттыра түсті. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» деген ортақ ұстанымды насихаттаған бұл шара қоғамда адам құқығын құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және қауіпсіз орта құруға бағытталған маңызды қадам болды. Бақытты отбасы – бақытты қоғамның кепілі. Ал зорлық-зомбылықсыз қоғам – жарқын болашақтың негізі.

Д.Базарбаева,  
Отбасын қолдау орталығының қызметкері,  
Ақтоғай ауылы.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданына қарасты Шабанбай би ауылы – табиғаты көркем, орман-тоғайы мол, еліміздегі туристер жиі келетін ауылдардың бірі. Ауылымыздың айналасындағы жасыл желек пен табиғи байлық туған өлкеміздің көркін арттырып қана қоймай, экологиялық тепе-теңдіктің сақталуына да зор үлес қосады. Әсіресе жаз мезгілінде ауылымызға демалуға, табиғат аясында уақыт өткізуге және өңірдің көрікті жерлерін тамашалауға келетін туристер саны артады. Алайда демалушылардың көбеюі орман өртінің шығу қаупін де күшейтеді. Сондықтан ормандағы өрт қауіпсіздігін сақтау мәселесі әр тұрғын мен әрбір қонақтың басты назарында болуы тиіс.

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы. Ол ауаны тазартады, жануарлар мен құстарға мекен болады, адамдарға саялы демалыс сыйлайды. Орман алқаптары

## Туристік аймақтағы орман байлығын сақтау – әр азаматтың парызы

климаттың тұрақтылығын сақтап, топырақтың құнарлылығын арттырады. Бір ғана өрттің салдарынан ондаған жылдар бойы қалыптасқан табиғи экожүйе жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан орманды қорғау – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Статистикалық деректерге сүйенсек, орман өрттерінің басым бөлігі адам әрекетінен туындайды. Сөндірілмеген от, бейберекет тасталған темекі тұқылы, дұрыс ұйымдастырылмаған демалыс орындары және қауіпсіздік талаптарын сақтамау үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Әсіресе құрғақ әрі ыстық жаз айларында бір ұшқынның өзі бірнеше гектар орманның өртенуіне себеп болады.

Орманда демалған кезде әр адам өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін қатаң сақтауы қажет. Біріншіден, рұқсат етілмеген жерлерде от жағуға болмайды. Егер от жағу қажет болса, арнайы белгіленген орындарды пайдаланып, оның толық сөндірілгеніне көз жеткізу керек. Екіншіден, темекі тұқылын жерге тастауға қатаң тыйым салынады. Үшіншіден, шыны бөтелкелер мен басқа да қалдықтарды орманда қалдырмау қажет. Өйткені шыны сынықтары күн сәулесін шоғырландырып, құрғақ шөптің тұтануына себеп болуы мүмкін.

Туристер мен демалушылар табиғат аясында мәдениеттілік танытып, қоршаған ортаға ұқыпты қарауы тиіс. Табиғат – бәрімізге ортақ байлық. Оны қорғау тек орманшылардың немесе төтенше жағдайлар қызметкерлерінің ғана міндеті емес, әрбір азаматтың азаматтық борышы болып табылады. Егер орман ішінде түтін немесе өрт белгілері байқалса, дереу жауапты мекемелерге хабарлау қажет. Уақытылы берілген ақпарат үлкен апаттың алдын алуға мүмкіндік береді.

Шабанбай би ауылының табиғаты мен орман байлығы – ауыл тұрғындарының мақтанышы. Бұл байлықты сақтау үшін тұрғындар, жастар, туристер және қоғамдық ұйымдар бірлесіп әрекет етуі қажет. Мектептерде экологиялық тәрбие жұмыстарын күшейтіп, өрт қауіпсіздігі туралы түсіндіру шараларын жиі өткізу маңызды. Сонымен қатар туристерге арналған ақпараттық тактайшалар орнатып, қауіпсіздік ережелерін кеңінен насихаттау қажет.

Қорытындылай келе, орман – ұлт байлығы, табиғаттың теңдессіз сыйы. Оны көздің қарашығындай сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Әрбір адам өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап, табиғатқа жанашырлықпен қараған жағдайда ғана орманымыз аман, табиғатымыз көркем, ауылымыз ажарлы болмақ. Шабанбай би ауылының сұлу табиғатын келер ұрпаққа сол қалпында жеткізу үшін бүгіннен бастап табиғатты қорғауға үлес қосайық.

Н.Нұржігітов.

Қызыларай орман шаруашылығының орман шебері.

## Табиғатты аялайық, орманды өрттен сақтайық

Табиғат – адамзат баласына Жаратқанның берген ең үлкен сыйы. Айналамыздағы орман-тоғай, өзен-көл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі – бәрі де табиғаттың баға жетпес байлығы. Адам өмірінің сапасы мен денсаулығы қоршаған ортаның тазалығына тікелей байланысты. Сондықтан табиғатты қорғау – бүгінгі күннің ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Орман – табиғаттың ажырамас бөлігі, жердің көркі мен байлығы. Орман ауаны тазартып, климаттың тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді. Ол көптеген аң-құстардың мекені, өсімдіктердің өсіп-өну ортасы болып табылады. Сонымен қатар орман топырақты эрозиядан қорғайды, ылғалды сақтайды және адамға рухани демалыс сыйлайды. Сондықтан орманды қорғау – табиғатты қорғаудың маңызды бағыттарының бірі.

Өкінішке қарай, жыл сайын еліміздің әр өңірінде орман өрттері орын алып жатады. Мұндай өрттердің басым бөлігі адам әрекетінен туындайды. Орман ішінде рұқсатсыз от жағу, темекі тұқылын тастау, шыны бөтелкелер мен тез тұтанатын қалдықтарды қалдыру сияқты жауапсыз әрекеттердің салдары үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Бір ғана ұшқын мындаған гектар орман алқабын күлге айналдырып, табиғатқа орасан зор зиян келтіреді.

Орман өрті кезінде тек ағаштар ғана жойылып қоймайды. Орманды мекендейтін аңдар мен құстар, жәндіктер мен өсімдіктер дүниесі де зардап шегеді. Кейбір жануарлар өз мекенінен айырылып, кейбірі өрт құрбанына айналады. Сонымен қатар өрттен шыққан түтін қоршаған ортаны ластап, адамдардың денсаулығына қауіп төндіреді.

Соңғы жылдары климаттың өзгеруі мен жаз мезгіліндегі аптап ыстықтың күшеюі орман өрттерінің қаупін арттыра түсуде. Сондықтан өрттің алдын алу шараларын күшейту – уақыт талабы. Бұл бағытта орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі ерекше. Олар орман қорын күзетіп

қана қоймай, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызын насихаттап келеді.

Тоқырауын орманшылығының ұжымы да орман байлығын сақтау жолында жүйелі жұмыстар атқаруда. Өрт қауіпті кезеңдерде орман алқаптарына тұрақты бақылау жүргізіліп, рейдтік шаралар ұйымдастырылады. Арнайы техникалар мен құрал-жабдықтардың дайындығы қадағаланып, өрттің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізіледі.

Дегенмен, табиғатты қорғау ісі тек орманшылардың міндеті емес. Бұл – барша қоғамның ортақ жауапкершілігі. Әрбір азамат табиғат аясында демалған кезде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Орманда от жаққан жағдайда оны толық сөндіріп кету, қоқысты арнайы орындарға тастау, темекі тұқылын жерге тастамау – қарапайым болғанымен аса маңызды талаптар.

Табиғатты қорғау мәдениеті отбасынан басталады. Балаларға қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауды үйретіп, табиғаттың қадірін түсіндіру – үлкендердің міндеті. Өйткені табиғатты аялау арқылы біз туған жеріміздің көркеюіне үлес қосамыз.

Қазақ халқы ежелден табиғатты қастерлеп, оны көздің қарашығындай сақтай білген. «Бір тал кессең, он тал ек» деген даналық сөздің астарында үлкен мән жатыр. Бүгінгі ұрпақ та осы дәстүрді жалғастырып, табиғатты қорғауға өз үлесін қосуы қажет.

Құрметті жерлестер! Орман – халықтың ортақ байлығы. Оны қорғау, сақтау және келешек ұрпаққа аман жеткізу – бәріміздің азаматтық борышымыз. Табиғатты аялайық, орманды өрттен сақтайық! Жасыл желекке толы туған өлкеміздің көркі мәңгі сақталсын!

М.Садықов,

Тоқырауын орманшылығының орманшысы.

## Хабарландыру

«Концерн «Эко-Регион СК» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 13 шілде 11 сағ. 00 минутта Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі 5-үй, мәдениет үйі, мекен жайында кешенді экологиялық рұқсат алу бойынша РШН, ӨЭБ, ҚББ жобасы, технологиялық нормативтерді негіздеу жобасы, қоршаған ортаны қорғау бөлімі « Прибрежное кен орнының құрамында алтын бар кендерді ашық тәсілмен қазу жөніндегі тау-кен» жұмыстарының жоспарына ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында [https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, expertiza.upr\\_krg@mail.ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, expertiza.upr_krg@mail.ru) танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн- режимде өткізіледі.

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us05web.zoom.us/j/85426451626?pwd=f1LS5eocIKkC3Zp0daoGa9b6ZaW0I3.1>

Конференция идентификаторы: 854 2645 1626. Қолжеткізу коды: JsV4b7.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекен- жайлар мен телефондар арқылы алуға болады: [sevekosfera@inbox.ru](mailto:sevekosfera@inbox.ru) және + 7772588643.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: «Концерн «Эко-Регион СК» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нарманбет Төлепов к-сі, 5-құрылыс ЖСН 170840024881. тел.: +7 701 837 4598

Жобаны әзірлеуші: «Севэкофера» ЖШС, Петропавл қ-сы, Алтынсарина 168Б к-сі 306 каб, тел: 87772588643. эл.мекенжай: [sevekosfera@inbox.ru](mailto:sevekosfera@inbox.ru).

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы. Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

Кен орнының географиялық координаттары: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

## Объявление

ТОО «Концерн «Эко-Регион СК», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 13 июля 2026 года по адресу Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Тасарал, улица Ағыбай батыр дом 5, дом культуры, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания для получения комплексного экологического разрешения: проект НДВ, ПЭК, ПУО, проект обоснование технологических нормативов, Раздел охраны окружающей среды к «Плану горных работ по отработке запасов золотосодержащих руд месторождения Прибрежное открытым способом».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО [https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, expertiza.upr\\_krg@mail.ru](https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru, expertiza.upr_krg@mail.ru).

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us05web.zoom.us/j/85426451626?pwd=f1LS5eocIKkC3Zp0daoGa9b6ZaW0I3.1> Идентификатор конференции: 854 2645 1626. Код доступа: JsV4b7.

Дополнительную информацию можно получить по адресу [sevekosfera@inbox.ru](mailto:sevekosfera@inbox.ru). и по телефонам + 7772588643.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Концерн «Эко-Регион СК» Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Нарманбет Төлепов, строение 5 БИН 170840024881. тел.: +7 701 837 4598

Разработчик проекта: ТОО «Севэкофера», г. Петропавловск, ул. Алтынсарина 168Б, каб.306, тел: 87772588643. Эл.адрес: [sevekosfera@inbox.ru](mailto:sevekosfera@inbox.ru).

Территория воздействия: Карагандинская область, Ақтоғайский район. Географические координаты территории воздействия: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В Географические координаты месторождения: 46°22'60.00»С/ 74° 0'0.00»В

# Мәңгілік ұлттың тірегі – ана тілім

Қазақ тілі – ұлттың жаны, рухы, тарихы мен тағдыры. Ол – бабалар аманаты, ұлттың жүрегі, мемлекеттіктің іргетасы. Осы тілде біздің шежіреміз, әдебиетіміз, мәдениетіміз, дініміз, діліміз жатыр. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін арттыру – ел боламын деген әр азаматтың борышы. Бірақ бүгінгі қоғамда тіл тағдырына қатысты ойлантарлық жағдайлар өте көп. Бір жағынан мемлекеттік деңгейде қолдау болғанымен, екінші жағынан, ата-ана, ұстаз, тіпті өмірге енді келген баланың өзі де ана тілінен алыстап бара жатқандай әсер қалдырады.

Мемлекеттік тіл – заң жүзіндегі мәртебе, іс жүзіндегі мәселе дегенге тоқталар болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп нақты жазылған. Алайда, өкінішке қарай, бұл заң өмірде толық жүзеге асып отыр деп кесіп айту қиын. Кейбір мемлекеттік мекемелерде, кейбір білім беру және медицина мекемелерінде құжаттар мен іс-шаралар әлі де орыс тілінде жүргізіледі. Қазақ тілі көбіне “құжаттық міндет” ретінде ғана көрініс табады. Бұл – тіл саясатының қағаз жүзінде емес, нақты өмірде іске асуына кедергі келтіретін ойланарлық мәселе. Ал, ана тіліміздің болашақ бала тәрбиесі жөнінде сөз мүлдем бөлек. Қазақ тілінің болашағы – бүгінгі баланың бойында. Оны әрбір саналы адам біледі. Бірақ, қазіргі таңда жас ұрпақ ана тілінде еркін сөйлеу былай тұрсын, тіпті оны түсінбей өсіп келе жатыр. Бұған ең алдымен ата-ананың бейқамдығы себеп. Туу сәтінен бастап қолына ұялы телефон ұстатқан ата-ана баласының сөйлеуін кешіктіріп, тілі басқа бағытта дамып кеткеніне кейін өкінеді. Тілі шыққанымен – қазақша емес, орысша немесе ағылшынша сөйлейтін баланы көргенде ішін қан жылайды. Бірде көршінің баласын балабақшадан алып келе жатқанда, бес жасар Асыл есімді бала бір қара сиырдан қорқып: “The black сиыр меня съест” деп айтты. Бұл сөйлем үш тілден құралып тұр. Баланың санасында ешқандай жүйе жоқ, тілдік ор-

тасы бытыраңқы. Мұндай баланың сана-сезімі де, ойлау жүйесі де бұдыр болады. Бұл – ата-ана үшін де, ұлт үшін де қасірет. Себебіне үңіліп, талдау жасап көрелік. Балалар мультфильмі мен ойындары – тілге қарсы күш пе? – деген жаман ой санаға сумаң ете түседі кейде. Балалар уақытының көп бөлігін теледидар мен смартфонда өткізеді. Өкінішке қарай, қазақ тілінде қызықты, сапалы, мазмұнды мультфильмдер мен ойындар жоқтың қасы. YouTube желісінде де қазақша контент аз. Ал баланың қай тілдегі мультфильмді көп көрсе, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтіні айтпасақта түсінікті. Мәселен, орыс немесе ағылшын тіліндегі ойыншықтар сөйлейді, ән салады, түрлі қызықты әрекет көрсетеді. Ал қазақша ойыншықтар мен ойын платформалары мардымсыз. Бұл – отандық анимация мен балалар контентіне ерекше көңіл бөлуі қажет ететін мәселе.


Тағы бірде жолаушылып келе жатып бір келіншекпен әңгімелестім. Сөзіне қарағанда бала 5 жасқа толған, әлі сөйлемейді, түсініксіз бірдене айтады. Енді мектепке баратын уақыт болып қалды, соны докторға апарып келе жатырмын, – дейді. Сөз арасында, негізі баламның тілінде кінәрат жоқ сап-сау екен. Біз үнемі қолына ұялы телефон ұстатып қойып, балаға назар аудармаппыз. Ал баламның тілі ағылшынша шығыпты. Тіптен таң қалдым, біз шалғай елді мекенде тұрамыз, бала қазақша білмейді, мен ағылшынша қақпаймыз-деп езу тартып отыр. Күлетін емес, жылайтын жағдай ғой. Ана тілін білмейді, ата-ана назар аудармаған. Міне, дүбәра ұрпақ тәрбиелеп келеміз. «Ашынғаннан шығады ащы даусын» демекші кейде ата-ананы да тәрбиелегің келіп кетеді ғой. Олай болмайтыны заңдылық. Енді не сөз, шалғайда тұрса не болыпты, телефон пайдалануды біледі ғой. Ол ананың балаға көңіл бөлмеуі деп кесіп айтар еді. Не айтатын, ұлттың, тілің, дінің деген әр қазақ ана тілімізге мән берейік, ұрпағымыз мәңгірттеніп кетпесін. Ойымызды әрмен қарай сабақтар болсақ. Балабақша, мектеп пен мұғалім – тіл жанашыры болуы керек. Мектеп – тек

білім беретін орын емес, ол – ұлттық тәрбиенің ордасы. Әр мұғалім балаға біліммен қатар тілді, дәстүрді, ұлттық рухты сіңіруі керек. Бірақ қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде ғана қарап, оны шынайы өмірде қолдануға баулымау үлкен олқылыққа әкелуде. Тіпті қазақ мектебінде оқитын оқушылардың арасында “көшеде қазақша сөйлеуге ұяламын” дейтіндер бар. Бұл – рухани мәңгірттік. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі осы пікірге мән берсе...

Тілді сақтау – тек мемлекеттің емес, алғашқы кезекте қарапайым халықтың да міндеті. Кейде халық тіл мәселесін тек үкіметтің, Білім министрлігінің немесе заң жүйесінің мойнына артып қойғысы келеді. Бірақ тіл – халықтың өз қолында. Егер әр отбасы баласына қазақ тілінде ертегі айтып, қазақша сөйлесіп, қазақы тәрбиемен сусындырса – тіл де, ұлт та мәңгі жасайды. Әр ата-ана өз шаңырағында ана тілін тірілтпесе, ешқандай заң да, бағдарлама да көмектесе алмайтыны ақиқат. Қазақ тілі – ана тіліміз болашағымыздың кепілі. Ұлт ретінде сақталудың бірден-бір жолы – тілге жанашыр болу. Бүгінгі күні ағылшын тілін білу – заман талабы дейміз. Дұрыс. Бірақ ол ана тілімізді ұмытуға сылтау болмауы керек. Қазақ тілі – отбасылық қарым-қатынас тіліне, балабақша мен мектептің негізгі тіліне, ғылым мен техниканың, өнер мен мәдениеттің толыққанды тіліне айналғанда ғана нағыз мемлекеттік тіл бола алады.

PS: Иә, ұлттың жаны – тілі. Ана тілінде сөйлемеген бала – рухани тамырынан ажырайды. Көп тіл біл – бірақ қазақша ойлап, қазақша сөйлеп, қазақы болмысымызбен мақтанайық. Ұрпағымыз мәңгірттеніп кетпеуі үшін, “Мен – қазақпын!” деп мақтанышпен айтуы үшін әр сәтте тілге қамқор болайық. Айтпақ ойымды түйіндей келе, үйдегі сәбилеріміздің тілі қалай Қазағым. Бақылап қойайық.

Гүлнар Елеусізова,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі.



## Қарлағтың құпиясы әлі толық ашылған жоқ

XX ғасыр басында Қазақстан аумағы ГУЛАГ жүйесінің ірі лагерлеріне айналған қасіретті мекендердің бірі болды. Сол зұлмат дәуірінің ең ауыр ошақтарының бірі – Қарлағ болатын. Мыңдаған тағдырды тәлкекке салып, талай шаңырақтың шырағын өшірген бұл лагерь қазақ тарихындағы қаралы кезеңнің символына айналды. 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай біз Қарлағтың тарихы, оның халық жадындағы орны мен зардабы туралы қоғам қайраткері, жазушы-этнограф, өлкетанушы, шежіреші Төрехан Майбастан сұраған едік.

Жазушы-этнографтың айтуынша Қарлағ туралы бүгінге дейін аз жазылған жоқ. «Бұл тақырыпта Қазақстанда да, шетелде де көптеген зерттеулер мен кітаптар жарық көрді. Дегенмен, Қарлағ тарихы толық зерттеліп болды деуге әлі ерте. Себебі архив қорлары түгелдей ғылыми айналымға енген жоқ, сондықтан бұл тақырып әлі талай зерттеуді қажет етеді. Жалпы, Қарлағ Қазақстанда кездейсоқтан пайда болмаған. Оның негізінде кеңестік репрессиялық жүйенің басты құралы болған ГУЛАГ жатты. Қарлағ – сол ГУЛАГ жүйесінің бір тармағы, тіпті халықтар түрмесіне айналған құрылым болды. Мұнда КСРО құрамындағы көптеген ұлт өкілдері қамалды. Кеңес өкіметі бұрын «жау» деп қылмыскерлерді, сатқындарды айтса, кейін бұл ұғымның мазмұнын өзгертіп, елдің оқы-

ғандарын, зиялы қауым өкілдерін «халық жауы» деп жариялады. Шын мәнінде, олар халықтың қамын жеген азаматтар еді. Бірақ қызыл үкімет оларды жау көрсетіп, жаппай қуғын-сүргінге ұшыратты. Соның салдарынан атышулы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы кеңінен қолданылды. Бұл бап «сатқындық» пен «опасыздыққа» арналған еді және оған іліккендердің көпшілігі аман қалмады. Ең үлкен қайшылықтың бірі – қазақ азаматтарының Қазақстанның кодексінде болмаған баппен, яғни РСФСР-дың 58-бабымен сотталуы болды», – дейді Төрехан Майбас. Оның сөзінше, Қарлағты салу жоспары ерте ойластырылған, сол секілді Қарағанды өндірістік аймағын дамыту да алдын ала дайындалған саясат болатын.

«Ашаршылық жылдары Қарағанды өндірісі тоқтамады. Аштықтан аман қалуды көздеген қазақтар осы өңірге ағылды. Алайда 1934 жылы аштықтан босқан қазақтарды Қарағандыға кіргізбеген жағдайлар да болған. Сол кезеңде шахталарға төрт мың жұмысшы қажет болып, жұмыс күші Украинадан әкелінді. Кейбір деректерде аштықтан қашып келген қазақтардың қарумен атылғаны туралы мәліметтер кездеседі. Бұл мәселелер бойынша зерттеу жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Ал Қызыл үкімет Қазақстан аумағында ірі ГУЛАГ жүйесін құруды көздеді. Оған Сарыарқа өңірі таңдалды. Бұл да кездейсоқ шешім емес еді. Себебі Сарыарқа – Ресей ықпалы ерте жеткен, қоныс аударған переселендер

орныққан аймақ болатын. Кеңестік саясат жергілікті қазақ халқын шұрайлы өңірлерден ығыстырып, олардың орнына өзге күштерді орналастыруды мақсат етті», – дейді ол. Қарлағта негізінен қазақтың оқығандары, зиялылар көп қамалды. Олар тек отырып қоймай, көбі «үштік» үкімімен атылды.

«Бұл үкімдердің заңдық негізі болмағанымен, сол арқылы мыңдаған адам жазықсыз жазаға тартылды. Қарлағ қазақ халқының Бухенвальді болды. Лагерьдің негізгі құрбандары қазақтар болғанымен, оны бүркемелеу үшін басқа ұлт өкілдері де қамалды. Иә, Қарлағ ешкімді аямады. Тіпті, кейін түрменің өз қызметкерлері, басшылары қуғынға ұшырап, атылған. Қарағанды маңындағы Спасск лагері – сол зұлматтың куәсі. Онда атылғандардың денелері жерленіп, бүгінде бауырластар зираты орналасқан. Жыл сайын 31 мамыр күні Қазақстан азаматтары мен түрлі халық өкілдері сол жерге барып, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алады. Бұл жерде қазақтармен бірге орыстар, жапондар, кәрістер, немістер де жерленген. Алайда осы мәселеге байланысты бір сауал туындайды. Бауырластар зиратында жазықсыз құрбандармен бірге сол репрессияны ұйымдастырған жүйенің өкілдері де жатыр. Сондықтан мұндай орындарға құрмет көрсету барысында тарихи әділет пен адами таным мәселесін терең ойлану қажет», – дейді жазушы. Оның айтуынша, Кеңес үкіметі Кеңес Одағынан шалғай орналасқан Әзербайжан, Түркіменстан, Қыр-

ғызстан, Қазақстан, Тәжікстан секілді республикаларда ұлтсыздандыру саясатын қарқынды түрде жүргізген.

«Бұл бағыттағы репрессиялық әрекеттер 1916 жылдан бастау алады. Кеңес билігі көптеген ұлт азаттық қозғалыстарының өкілдерін «басмашылар» деп айыптап, оларды аяусыз қудалады. Алайда олар шын мәнінде өз халқының азаттығы үшін күрескен ұлт батырлары еді. Мысалы, Арқа өңіріндегі Боқты көтерілісі. Қарқаралы маңында болған бұл көтерілісте қарулы қарсылық ұйымдастырылып, қызыл үкіметтің ұшағы ағып түсірілген болатын. Осы оқиғадан соң көтеріліске қатысқан азаматтар қуғынға ұшырап, олардың бір бөлігі Ақтоғай арқылы өтіп, басмашылар қозғалысына қосылып кеткен. Қазіргі архив материалдарында бұл оқиғалардың ізі сақталғанымен, зерттеушілер оның толық деректерін әлі нақтылай алмай келеді. Сондай-ақ Ақтоғай өңірінде 1931 жылы болған көтеріліс туралы да мәліметтер кездеседі. Бұл көтеріліс ОГПУ билігіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыстың бірі болғаны айтылады. Алайда осы көтеріліс жөніндегі деректер әлі толық зерттелмеген. Тіпті Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістерге арналған энциклопедиялық еңбектерде де бұл оқиға қамтылмай қалғаны таңғалдырады. Мұның себебі мен мәнін бүгінге дейін нақты түсіндіру қиын болып отыр», – дейді Төрехан Майбас.

Думан Аманжол,  
Elordainfo.kz тілшісі.

## Білім көкжиегін бағындырған

Ұлы Абай айтқандай «Ұстаздық егуден жалықпай», бойындағы білімін шәкірттерінің санасына құйып, тәлімді тәрбиеге үйретіп келе жатқан ұлағатты ұстаздардың бірі Махпуба Түсіпова. Оның өскелең ұрпақ тәрбиесімен айналыса бастағанына қырық жылға жуық уақыт өтіпті.

1950 жылы Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келген ұстаз, 1972 жылы Қарағанды педагогикалық институтының математика факультетін тәмамдап, Ақтоғай ауданындағы Ақши ауылында еңбек жолын бастаған жас маман өнеркәсіпті орталықтардан шалғай өңірге рухани серпіліс алып келген еді. Ана сүтімен, ата тәрбиесімен тал бойында қалыптасқан ізгілік пен жақсыға құмарлықты оқушы қауыммен бөлісіп, төңірегіне шуақ шашты. Өмір майданының ортасында жүріп, білім көкжиегін бұрынғыдан да кеңейтті. Ізденіс нәтижесінде білікті мамандар қатарына қосылып, әріптестерінің құрметіне бөленді. Ақши мектебінде табан аудармай ширек ғасырдан артық уақыт сабақ беріп, жоғары санатты ұстаз атанды. (1976-2016 жж.)

Махпуба Абдығалиқызы 1998 жылы Бұқар Жырау ауданына қарасты Ростовка ауылына қоныс аударып, осындағы мектепте еңбек жолын жалғастырған еді. Ол мұнда қаймағы бұзылмаған қазақ дәстүрі



мен мәдениетінің үздік үлгілерін ала келді. Тәжірибесі толысып кәсібін қапысыз игерген ұстаздың алдын көрген шәкірттер математика пәнінен ҰБТ сынағында жылма жыл ауданның орта көрсеткішінен жоғары нәтиже иеленіп, мектепті мерейге бөледі.

Қазіргі уақытта шәкірттерінің алды әр салада қызмет атқарса, кейінгілері жоғары білім алу гранттарына иеленіп, еліміздің түкпір-түкпірінде оқыды, мықты маман иелері болды.

Адал жар, аяулы ана, асыл әже, қамқор ене, құрметті ұстаз Махпуба апай қазақ әйеліне тән бар қасиетті санасына сіңірген жан бүгін 75 жаста. Мәпелеп өсірген екі қызын қияға, ұлын ұяға қондырып, немере, шөбере көріп, бүгін бір әулеттің берекесіне айналып отыр.

Қадірлі ұстаз, жүрегі мейірімге толы Махпуба апай әрдайым Алланың оң назарында болып, балаларының, немерелері мен шөберелерінің қызығын көрсін дей отырып, төмендегі жыр шумағын арнаймыз:

Жақсы ұстаз ата-анадан кем болмайды, Ізгілікті әрдайым ел қолдайды.

Шәкіртке тәрбие мен білім берген, Ұстаздыққа еш еңбек тең болмайды!

**1986- 1996 жылдар аралығындағы түлектерінен. Кежек ауылдық округі.**

## \* Тіл тағдыры – ұлт тағдыры

# Ана тілінен алшақтаған ұрпақ – рухани әлсіреген ұлт

Қазақ тілі – ұлттың жаны, рухы, тарихы мен тағдыры. Ол – балалар аманаты, ұлттың жүрегі, мемлекеттіктің іргетасы. Осы тілде біздің шежіреміз, әдебиетіміз, мәдениетіміз, дініміз, діліміз жатыр. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін арттыру – ел боламын деген әр азаматтың борышы.

Бірақ бүгінгі қоғамда тіл тағдырына қатысты ойлантарлық жағдайлар өте көп. Бір жағынан мемлекеттік деңгейде қолдау болғанымен, екінші жағынан, ата-ана, ұстаз, тіпті баланың өзі де қазақ тілінен алыстап бара жатқандай әсер қалдырады. Қазір қазақ қоғамында байқауға болатын бір алаңдатарлық құбылыс – өз ана тілінде сөйлемейтін, тіпті түсінбейтін қазақ балаларының көбеюі. Бала балабақшаға барған-нан бастап ағылшын тілінде сөйлейді, үйде ата-анасы орыс тілінде қарым-қатынас жасайды, ал қазақ тілі екінші, тіпті үшінші қатарға ысырылып қалған. Көп ата-ана баласының «заманға сай» болғанын қалайды. Шет тілдерін үйрену – жаман емес, керісінше, жаһандану дәуірінде бұл қажет те. Бірақ

соның көлеңкесінде қазақ тіліне деген немқұрайлық орын алып жатқаны жасырын емес. Ана тілін білмей өскен бала өзінің ұлттық тамырынан үзіліп, рухани негізін жоғалтады. Тіл – ойлау қабілетінің тірегі. Ғалымдардың зерттеуінше, ана тілі – адамның дүниені тануы мен ойлау қабілетінің негізі екен.

Адам баласы алғашқы ұғымдарды, сезімдерді, логиканы дәл осы ана тілінде қалыптастырады. Ана тілін толық меңгермеген баланың ойлау жүйесі де әлсіз, сөздік қоры кедей, өзін дұрыс жеткізу қабілеті төмен болады. Бұл – тек тілдік мәселе емес, бұл – тұтас ұрпақтың интеллектуалдық, шығармашылық және рухани дамуындағы кемшілік. Ағылшын тілі – құрал, ана тілі – негіз. Қазақ баласының ағылшынша сөйлеуі – мақтаншы болуы мүмкін. Бірақ өз ана тілін білмей тұрып, өзге тілді жетік білу – рухани таяздық. Тіл – тек қатынас құралы емес, тіл – ұлттың жаны, болмысы, салт-дәстүрі, дүниетанымы. Қазақ тілін білмейтін бала – қазақты құндылықтарды түсінбейтін бала. Ана тілінде сөйлеу – бұл тек патриотизм емес, бұл – баланың

сауатты, жан-жақты, терең ойлайтын тұлға болып қалыптасуының кепілі. Өз тілінде еркін ойлай алмаған бала өзге тілде де толыққанды тұлға бола алмайды. Бұл – өмірден алынған ақиқат. Қайда барамыз, қазақ баласы?

Бүгінгі таңда ел болашағы – тіл тағдырымен тікелей байланысты. Егер біз өз баламызды ана тілінен алыстата берсек, болашақта ұлттық болмысымыздың жойылу қаупі бар. Жаһандану ұлтты жұтып жібермеуі үшін әр ата-ана ең алдымен баласына қазақ тілінің қадірін үйретуі керек. Бала – табиғи таза. Оған не жазсақ, соны қабылдайды. Егер бала тілі қазақша шықса, оның ойы да қазақша дамиды. Қазақша ойлаған бала ғана елін сүйіп, туған тіліне жанашыр болады. Балаға ағылшын тілін үй-ретпейік демейміз. Бірақ ең алдымен оның ойының, рухының, жүрегінің тілі – қазақ тілі болуы шарт. Ана тілінен басталған білім – терең, ал өз тілінен безген баланың ойы да таяз. Ана тілімізді құрметтейік. Ұрпақ санасын бөтен тіл емес, өз тіліміз тәрбиелесін!

**Құлмұхаммет Серікғалыұлы, Ақтоғай ауылы.**

## Құттықтаймыз!

Құрметті құрдасымыз **Камишат Бекмаганбетова!**

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – өмірдің асқаралы белесі, ақыл мен парасаттың, тәжірибе мен кемелдіктің тоғысқан шағы. Осы мерейлі жасыңызда отбасыңыздың амандығын, деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, шаңырағыңызға бақ-береке тілейміз. Балаларыңыздың қызығын көріп, немере сүйіп, әр күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын.

Жарқын жүзіңізден күлкі кетпей, айналаңыздағы жандардың құрметі мен сыйластығына бөленіп, әрдайым абырой биігінен көріне беріңіз. Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзақ, бақытыңыз баянды болсын!

Ортаңызда әрдайым сыйлы болып, Жүре беріңіз шаттыққа жыр арнап. Деніңіз сау, ғұмырыңыз ұзақ болып, Өміріңіз өтсін әркез нұрланып.

**Ақ тілекпен: Ердоос-Толғанай, Гүлнар, Аманкелді-Балғын, Әсет-Гүлмира, Жасан-Гүлжан, Талғат- Айнагүл, Бақытбек-Әсем.**



## Құттықтаймыз!

Құрметті **Сая Аханова!**

Сізді мерейлі 50 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – өмірдің кемелденген, ақыл-парасат пен тәжірибе тоғысқан алтын белесі. Осы мерейлі мерекеде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық бақ-береке, жан тыныштығы мен мол қуаныш тілейміз. Әр күніңіз шаттық пен жақсылыққа толып, жақындарыңыздың құрметі мен махаббатына бөлене беріңіз. Балаларыңыздың қызығын көріп, немере-шөбере сүйіп, ұрпағыңыздың ортасында мерейіңіз арта берсін. Қадір екеуіңіз тамыры тереңге жайылған мәуелі бәйтеректей өсіп-өніп, әулеттеріңіздің алтын діңгегі болып жүре беріңіздер.

Елу жас – еңселі жас, өрге тартқан өмірдің, Шаттығы мол шуақты күн, жемісі көп көңілдің. Бақыт құсы қонсын әркез шаңырағың төріне, Қуаныш пен береке толсын әрбір өңірің. Қадірменен қол ұстасып, бақ ішінде жайнаңыз, Немере мен шөберенің қызығына айналыңыз. Денсаулық пен ұзақ ғұмыр серік болып өзіңе, Жүз жасаңыз, жарқын жүзің шаттық болып көзіңде!

**Ізгі тілекпен: Аманкелді-Балғын, Гүлнар, Әсет-Гүлмира, Жасан-Гүлжан, Еркеш-Раушан.**



2026 жылғы 24 қаңтарда қайтыс болған Байдүйсенова Замзагуль Мекенқызының атына мұрагерлік іс ашылды. Осы мұрагерлік іске қатысы бар барлық мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласулары қажет. Мекенжайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17-үй. Байланыс телефоны: 8 (701) 751-16-86.

**Құрылтайшысы:** «Ақтоғай ажары» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.  
**Редактор:** Нұрдәулет Ақторғай.

**Меншік иесі:** «Ақтоғай ажары» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС. (күәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

**Тіркеу күәлігі:**  
**KZ94VPY00019192**

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

**Телефондар:** редактор: 2-18-81, 87085474303

**Электрондық пошта:** aktogai\_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.